



## «RESPUBLIKA» ҚАРЖЫ ХОЛДИНГІ

Жеке және корпоративтік қаржыландыру аясында тұтынушылық қаржылық қызметтердің шешімдерін ұсынатын жетекші компания.

### «RPS Asia»

PayNet төлем шлюзі арқылы серіктестердің пайдасына төлемдерді offline және online режимінде қолма-қол және қолма-қол ақшасыз қабылдаудың кешенді шешімдерін ұсынатын бірыңғай процессинг орталығы.



### «АЕО»

«Ақпараттық-есептеу орталығы» ЖШС 1999 жылы халыққа «Бірыңғай төлем құжаты» форматында тұрғын үй-коммуналдық қызметтерге барынша жайлылықпен ақы төлеу мүмкіндігін беру мақсатында құрылған



### «ТЕИТ»

Компания төлемдерді (жеке және заңды тұлғалар) өзіне-өзі қызмет көрсететін аппараттар арқылы қабылдайтын бизнес болып табылады



Әмиян мен басқа жүйелердің балансын біріктіретін қаржылық және бейқаржылық қажеттіліктерді қанағаттандыруға арналған бірыңғай терезе (төлем және шегерім карталары, МО-дың балансы және т.б.).



Жүйесінің өз валютасы - «Монетка» арқылы төлеп, бонустар алуға мүмкіндік беретін бейілділік бағдарламасы.



ОҢОЙ «ОНОЙ»

Өзіне-өзі қызмет көрсететін өз терминалдарының саны мен халықтан алынған төлемдер саны бойынша Қырғызстанда көшбасшы.

## Yurta

«YURTA» Инвестициялық Қаржылық Үйі - биржалық нарықта көшбасшылардың бірі болып табылады және сенімгерлікпен басқару қызметтерін, трейдинг операцияларын және инвестициялық банкингі ұсынады.

Жүйедегі пайдаланушылардың саны



3,2 млн-нан астам.

Транзакциялар саны



жылына 60 млн-нан астам

Айналым



жылына \$300 млн-нан астам

Төлемді қабылдау нүктелерінің саны



7 мыңнан астам

Қосылған қызметтер саны



1 мыңнан астам

Бейілділік



1,5 млн. клиенттер

## Компания туралы

**«Ақпараттық-есептеу орталығы» ЖШС («АЕО» ЖШС) 1999 жылы Алматы қаласы қалалық тұрғын үй басқармасының бұрынғы Ақпараттық-есептеу орталығының негізінде құрылған.**

Бүгінде "АЕО" ЖШС - бұл:

- ✓ 700 000-нан астам үй иелерінің жеке шоттарына қызмет көрсетілетін базасы
- ✓ 600-дан астам ПИК-мен (ТҮҚК, ТН, БК) ынтымақтастық
- ✓ деректер базаларын және төлем тарихын жүргізу
- ✓ қызмет көрсетушілермен өзара әрекеттестіктің қалыптасқан процесі
- ✓ ПИК-мен тікелей байланыс, тұрақты кері байланыс
- ✓ серіктестерге төлемдерді есепке алуға арналған софтты ұсыну, сервистік қолдау

«АЕО» ЖШС компаниясының көп жылдық қызмет барысында жинақталған тәжірибесі серіктестеріміздің қажеттіліктері мен тілектерін барынша қанағаттандыруға мүмкіндік береді.



## Негізгі қызметтері мен ісәрекет түрлері:

---

- қызметтерді тұтынушыларға мемлекеттік және орыс тілдерінде төлем құжаттарын (түбіртектерін) басып шығару
- абоненттердің тұтынған төлем сомалары қызметтері туралы мәліметтер базасына жүйелі түрде енгізу
- банктерден алынған төленген шоттарды өңдеу, қызмет көрсетушілер қимасында банктер үшін төлемдер реестрлері мен үзінді көшірмелерін қалыптастыру және оларды қызмет көрсетушілерге ақшалай қаражатты одан әрі аудару үшін банктерге беру
- абоненттер мен қызмет көрсетушілердің деректер базасын жүргізу, төлем тарихын есепке алу
- нормативтік-анықтамалық ақпаратты жүргізу және қызмет көрсетушілер үшін шығыс пішіндерінің пакетін басып шығару
- қызмет көрсетушілерге арналған бағдарламалық кешендерге қызмет көрсету және олардың абоненттеріне қажетті ақпаратты жүйелі түрде беру
- қызмет көрсетушілерге қосымша ақпаратты қалыптастыру және ұсыну



«АЕО» ЖШС түбіртектері арқылы сіздің компанияңыздың қызметтерін төлеу бойынша ынтымақтастық :

- ✓ Сіздің компания көрсететін қызметтер үшін клиенттермен жасалған шарттар талаптарына сәйкес түбіртектерге алдағы тұрақты төлемдер туралы ақпаратты енгізу


«АЕО» ЖШС түбіртектері үшін төлем әртүрлі тәсілдермен жүзеге асырылуы мүмкін:

- ✓ Барлық банктердің интернет-банкингі
- ✓ төлем терминалдары
- ✓ 16 банктің есеп айырысу-кассалық бөлімдері
- ✓ «Қазпочта» АҚ пошта бөлімшелері
- ✓ электронды әмияндар

Нәтижесінде сіз өзіңіздің клиенттеріңізбен қосымша байланыс арнасын аласыз және қызметтер үшін алдағы төлемнің мерзімі мен сомасы туралы уақтылы ақпарат беру мүмкіндігіне ие боласыз, сонымен бірге қызметтеріңізге ақы төлеу әдістері бойынша арналарды кеңейтесіз.




**Бүгінде АЕО - бұл :**





# ТӨЛЕМДЕР

Біздің шешімдер барлық қызметтер үшін төлеуге мүмкіндік ұсынады – жылдам, тиімді, сенімді!



Қызмет жеткізушілердің төлемдерді online арналарға, төлем терминалдарына, агенттік желіге және кассаларға шығару мүмкіндігі;



Бейілділік бағдарламасына қатысу төлемдер үшін «VO!» бонустарды есептеп жазу; Серіктестер желісінде бонустармен төлеу мүмкіндігі!



Жұмыс орындарымен қамтамасыз ету - даладағы және қызмет жеріндегі агенттер;



Өсімпұл мен айыппұлды болдырмай, 24/7 жұмыс істеу мүмкіндігі; Ең ірі Marketplace-ке қол жеткізу.